

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ**

«Еңбек заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік саясаттың іске асырылуына бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылу тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ

2023 ж

МАЗМҰНЫ

I. Кіріспе бөлік

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

III. Қорытынды бөлік

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар
- 3.4. Қосымша: (____ парақ)

I. Кіріспе

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: «Еңбек заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік саясаттың іске асырылуына бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылу тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу» сыртқы мемлекеттік аудиті.

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:

1) Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің тиімділігі, бюджет қаражатының мақсатты пайдалануы.

1.3. Мемлекеттік аудит объектілері:

«Түркістан облысының бақылау жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 01.01.2020-30.04.2023 жыл.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік:

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау:

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит объектілерінің 2023 жылға арналған тізбесіне сәйкес, аудиторлық іс-шарамен «Еңбек заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік саясаттың іске асырылуына бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылу тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша сыртқы мемлекеттік аудит іс-шарасы «Түркістан облысының бақылау жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесінде 01.06.2023 жыл - 23.06.2023 жыл аралығында жүргізілді.

«Түркістан облысының еңбек инспекциясы жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесі Түркістан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 5 шілдедегі №201 қаулысымен бекітілген.

Мекеменің миссиясы Түркістан облысында Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптарды сақталуы бойынша мемлекеттік саясатты жүзеге асыру болып табылады.

Міндеттері: Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптарды сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

2020 жылы тексерілген ұйымдар саны 263. Анықталған бұзушылықтар 280, оның ішінде: еңбек қатынастары бойынша 226, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша 41, халықты жұмыспен қамту бойынша 13.

Тексеру қорытындысымен берілген нұсқамалар 176, еңбек қатынастары бойынша 146, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша 20, халықты жұмыспен қамту бойынша 10.

Зардап шеккен адамдар саны 82, Қайтыс болған адамдар саны 13, оның ішінде әйелдер 2.

Топтық жазатайым оқиғалар 6 рет, 30 адам зардап шеккен, оның ішінде әйелдер 5. Ал қайтыс болған адам саны 4, оның ішінде 1 әйел азаматшасы.

Салынған әкімшілік айыппұлдар саны 43, айыппұлдардың соммасы 2779,0 мың теңге.

Қаралған шағымдар мен өтініштердің саны 1004, еңбек қатынастары бойынша 974, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша 24, халықты жұмыспен қамту бойынша 6.

2021 жылы тексерілген ұйымдар саны 224. Анықталған бұзушылықтар 265, оның ішінде: еңбек қатынастары бойынша 219, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша 40, халықты жұмыспен қамту бойынша 6.

Тексеру қорытындысымен берілген нұсқамалар 149, еңбек қатынастары бойынша 131, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша 12, халықты жұмыспен қамту бойынша 6.

Зардап шеккен адамдар саны 86, Қайтыс болған адамдар саны 7, оның ішінде әйелдер жоқ.

Топтық жазатайым оқиғалар 5 рет, 17 адам зардап шеккен, оның ішінде әйелдер жоқ. Ал қайтыс болған адам саны 4 ер азамат.

Салынған әкімшілік айыппұлдар саны 47, айыппұлдардың соммасы 4193,0 мың теңге. Берілген ескертулер саны 8.

Қаралған шағымдар мен өтініштердің саны 967, еңбек қатынастары бойынша 952, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша 15.

2022 жылы тексерілген ұйымдар саны 304. Анықталған бұзушылықтар 427, оның ішінде: еңбек қатынастары бойынша 338, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша 84, халықты жұмыспен қамту бойынша 5.

Тексеру қорытындысымен берілген нұсқамалар 223, еңбек қатынастары бойынша 193, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша 25, халықты жұмыспен қамту бойынша 5.

Зардап шеккен адамдар саны 53, Қайтыс болған адамдар саны 5.

Топтық жазатайым оқиғалардың саны 2, 4 адам зардап шеккен. Ал қайтыс болған адам саны 1.

Салынған әкімшілік айыппұлдар саны 81, айыппұлдардың соммасы 7129,1 мың теңге. Берілген ескертулер саны 41.

Қаралған шағымдар мен өтініштердің саны 1111, еңбек қатынастары бойынша 1088, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша 23.

Түркістан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 15 желтоқсандағы №254 қаулысымен «Түркістан облысының еңбек инспекциясы жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесі және «Түркістан облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесі біріктіру жолымен «Түркістан облысының бақылау жөніндегі» мемлекеттік мекемесі болып қайта құрылған.

2023 жылдың 1 мамырына дейін тексерілген ұйымдар саны 90. Анықталған бұзушылықтар 140, оның ішінде: еңбек қатынастары бойынша 130, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша 9, халықты жұмыспен қамту бойынша 1.

Тексеру қорытындысымен берілген нұсқамалар 63, еңбек қатынастары бойынша 59, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша 3, халықты жұмыспен қамту бойынша 1.

Зардап шеккен адамдар саны 26, Қайтыс болған адамдар саны 3.

Салынған әкімшілік айыппұлдар саны 29, айыппұлдардың соммасы 2 518,5 мың теңге. Берілген ескертулер саны 6.

Қаралған шағымдар мен өтініштердің саны 323, еңбек қатынастары бойынша 314, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша 9.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері

Мемлекеттік аудит іс-шарасы бойынша

Жалпы аудитпен 427 985,0 мың теңге, оның ішінде 2020 жылдың тексеру кезеңіне 111 505,0 мың теңге, 2021 жылдың тексеру кезеңі бойынша 118 779,0 мың теңге, 2022 жыл кезеңіне 113 500,0 мың теңге, 01.01.-30.04.2023 жыл кезеңіне 84 201,0 мың теңге қамтылды.

Жалпы аудитпен қамтылған кезеңде 249,1 мың теңгеде қаржылық бұзушылықтар және 4 бірлік рәсімдік бұзушылықтар анықталған.

Анықталған бұзушылықтар сомасы барлығы **249,1 мың теңгені** құрады. Оның ішінде:

- бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтары **42,9 мың теңге;**
- бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзушылықтары **206,2 мың теңге.**

Жалпы өтелуге және қалпына келтірілуге жататын қаржы көлемі **249,1 мың теңге**, оның ішінде қалпына келтіруге жататыны **206,2 мың теңге**, өтелуге жататыны **42,9 мың теңге**.

Жалпы барлығы **249,1 мың теңге** өтеліп, қалпына келтірілген, -аудиторлық іс-шара барысында 206,2 мың теңге, *қалпына келтірілген*, -аудиторлық қорытындыны дайындау барысында 42,9 мың теңге *өтелген*.

Аудит барысында келесі бұзушылықтар орын алған:

I. Бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасының және өзге де заңнаманың бұзушылықтары 42,9 мың теңгені құраған. Атап айтқанда:

1. Қызметкерлердің іс сапар шығындарын дұрыс есептемеу салдарынан 42,9 мың теңге қаржылық бұзушылық анықталған.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы №256 қаулысымен бекітілген Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іс сапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларының 2-тармағы, 3-тармағының 1), 2) тармақшаларының талаптары сақталмаған.

II. Бухгалтерлік есепті жүргізу және бюджеттік, қаржылық есептілікті жасау кезінде 206,2 мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталған, атап айтқанда:

Бұл ретте: Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 03 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 3 тармағының 50 тармақшасының және 243, 244, 250 тармақтарының және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы №281 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп шоттарының жоспарының 16 тармағының және 3 қосымшасындағы 408 қатардағы (бухгалтерлік есептің корреспонденциясының) талабы сақталмағаны анықталды.

Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша 4 бірлік бұзушылық фактілері орын алған.

Атап айтқанда:

1. Бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілік бойынша 4 бірлік анықталған:

2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

Мемлекеттік аудитпен қамтылған мерзім аралығында мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес өз Ережесі негізінде жүзеге асырған.

Жалпы мекеме тарапынан өз күзіретіне сәйкес, 2020-2022 жылдары атқарылған жұмыстарды ескере отырып мекеменің қызметін тиімді деп бағаланған.

Сонымен бірге, Түркістан облысы аумағында мекеменің қызметінің тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудит объектісінің өңірдегі еңбек қатынастары, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша, әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі әсері барын көрсетті.

Мекеменің негізгі қызметі Ережеде айқындалған еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптарды сақталуы бойынша мемлекеттік саясатты іске асырылған.

III. Қорытынды бөлік

3.1 Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:

Мемлекет аудит барысында 206,2 мың теңге қалпына келтіріліп, аудиторлық қорытындыны дайындау барысында 42,9 мың теңге қаражаты тиісті бюджетке өтелді.

Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне бухгалтерлік есеп туралы заңнамаларын бұзу фактілері бойынша барлығы әкімшілік құқық бұзылушылық туралы істерді қарау үшін 2 материал жолданды.

Атап айтқанда:

1. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне «Түркістан облысының бақылау жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес, бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына мекеменің әлеуметтік әріптестік және еңбек ақының төленуін бақылау бөлімінің бас маманы мемлекеттік еңбек инспекторы Мадина Сейдуалықызы Темірбаеваға әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 03.07.2023-ғы № 10/1347 санды хатпен жолданды.

2. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне «Түркістан облысының бақылау жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес, бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына мекеменің әлеуметтік әріптестік және еңбек ақының төленуін бақылау бөлімінің бас маманы мемлекеттік еңбек инспекторы

Мадина Сейдуалықызы Темірбаеваға әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 03.07.2023-ғы № 10/1348 санды хатпен жолданды.

Аудиторлық іс-шара барысында мекеме директорының 2023 жылғы 16 маусымдағы №141-жқ бұйрығымен аудит барысында анықталған кемшіліктер мен заң бұзушылықтарға жол бергені үшін мекеменің әлеуметтік әріптестік және еңбек ақының төленуін бақылау бөлімінің бас маманы Темірбаева Мадина Сейдуалықызына «ескерту» түрінде тәртіптік жаза қолданылған, сондай ақ аудиторлық қорытынды дайындау барысында Түркістан облысының бақылау жөніндегі басқармасының 05.07.2023 жылғы №36-01-09/1353 шығыс хатында 2022 жылға дұрыс емес төленген іс сапар шығыны 42,9 мың теңге бюджетке қайтарылғаны хабарланған.

3.2 Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар

Жалпы аудитпен ішінде 427 985,0 мың теңге көлемінде қаражат қамтылып, оның ішінде 249,1 мың теңге сомасында қаржылық бұзылушылықтар анықталды.

Сондай-ақ аудит бухгалтерлік есепті ұйымдастырудың жеткіліксіздігін көрсетті. Аудит объектісінде бухгалтерлік есепті жүргізу бойынша заңнама талаптарын бұзу фактілері анықталды, оның ішінде мекеменің бухгалтерлік есебіне дұрыс бухгалтерлік корреспонденциясы берілмегені, мекеменің тауарлық материалдық құндылықтар есептен уақытылы шығарылмағаны бухгалтерлік есеп сапасының жалпы төмендегін көрсетті.

Аудит объектілері қызметкерлері заңнаманы сақтамауы есебінен іс сапар шығындары дұрыс есептемеу салдарынан бюджет қаражатын негізсіз төлеуге әкеп соқты.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары қатаң сақталуы тиіс.

3.3 Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар:

1. Тексеру комиссиясының отырысында «Еңбек заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік саясаттың іске асырылуына бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылу тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша аудиторлық қорытынды материалдары Тексеру комиссиясының отырысында қаралсын.

2. Аудиторлық іс-шара барысында және аудиторлық қорытынды дайындау барысында барлығы 249,1 мың теңге өтеліп қалпына келтірілгені, (оның ішінде 206,2 мың теңге қалпына келтірілген, 42,9 мың теңгесі өтелген) сондай-ақ, аудиторлық іс-шара барысында барлығы 1 жауапты лауазымды тұлғаларға тәртіптік шара қолданылғаны, әкімшілік шара көру үшін Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне 2 материал жолданғаны назарға алынсын.

3. Аудиторлық қорытындыдан үзінді Түркістан облысы әкімінің аппаратына мен Түркістан облыстық мәслихатының аппаратына жолдансын.

3.4 Қосымша: Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.